

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



Бекітемін:
Меңгеруші: А.Қ.Бисебаева.

Келісемін: 
Әдіскер: Ш.Р.Толыбаева.



Ата-анамен жұмыс жоспары
«Аққайың» тобы

2023-2024 жыл.

2023-2024 оқу жылының ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Айы	Тақырыбы	Мақсаты	Жауапты адамдар
Қыркүйек	Ата аналар жиналысы. Баяндама: «Бала тілін дамытудағы ертегілердің маңызы	Ата аналар комитетін сайлау. 3-4 жастағы баланың ерекшелігі. «Бала тілін дамытудағы ертегілердің маңызы» баяндама оқылып, талқылану. «Сіз қандай анасыз?» пікірталас	Тәрбиешілер Ата-аналар
Қазан	«Қарттарым-асыл қазынам!»	Балаларды үлкенді сыйлауға, қарияларға құрмет көрсетуге тәрбиелеу, мейірімділік пен қамқорлық сезімін қалыптастыру.	Тәрбиешілер Ата-аналар
Қараша	«Ұлттық құндылығымызды ұмытпайық»	Ата аналарымызбен бірлесе отырып, балаларымызды қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық киімдерін, ұлттық әндерін насихаттау арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеу..	Тәрбиешілер Ата-аналар.
Желтоқсан	«Ғажайып Жаңа жыл!»	Ата-аналармен ертегі кейіпкерлерімен бірге жаңа жылды қарсы алу.Балаларымызға мерекелік сыйлықтар жасау.	Тәрбиешілер Ата-аналар
Қаңтар	«Қардан ғажайып мүсіндер»	«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген ата аналарымен біріге балабақша ауласына қардан мүсіндер жасау. .	Тәрбиешілер Ата-аналар
Ақпан	«Қыс қызығы» Спорттық ойындар	Қысқы ойындар сайысы.	Тәрбиешілер Ата-аналар
Наурыз	«Анашым –асыл қазынам» «Ұлыстың ұлы күнінде!»»	Аналар мерекесіне арнап өлең,тақпақтарды аналармен бірге жатқа айтуға,әдемі би-билеуге үйрету. Балаларға ұлыстың ұлы күні мағлұмат бере отырып Қазақтың салт –дәстүрі мен ұлттық ойындарын балаларға түсіндіру.	Тәрбиешілер Ата-аналар Тәрбиешілер Ата-аналар
Сәуір	«Бір әкенің тәрбиесін- жүз мектеп те бере	Әке тәрбиесінің маңызы жайлы пікір алмасу.Жүргізілген дөңгелек үстел барысында қойылған	Тәрбиешілер Ата-аналар

	алмайды»	сұрақтар бойынша әкелер өз ойларын ортаға салды.	
Мамыр	Балалардың жеке даму карталары мен ата аналарды таныстыру, жазғы маусымдық шынықтыру жұмыстарын талқылау.	Ата аналарды жылдың қорытындысымен таныстыру, балалардың жазғы маусымдық шынықтыру жұмыстарына өз ойларын ортаға салу.	Тәрбиешілер Ата-аналар

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



«Қарты бар үйдің қазынасы бар»

/Аққайың/ тобы

2023-2024 оқу жылы

Жеңсеріңде!
Аман

Тақырыбы: «Қарты бар үйдің қазынасы бар»

Мақсаты:

Балаларды үлкенді сыйлауға, қарияларға құрмет көрсетуге тәрбиелеу, мейірімділік пен қамқорлық сезімін қалыптастыру.

Жүргізушінің кіріспе сөзі

Армысыздар, ардақты ақ жаулықты әжелер, асқар таудай аталар!

Сіздер — біздің асыл қазынамызсыздар.

Тәрбиенің, даналықтың, мейірімнің бастауысыздар.

Бүгінгі «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты мерекелік кешіміз сіздерге арналады.

Балалардың кіруі

Балалар қолдарына гүл ұстап кіреді.

Балалар бірге:

Сәлеметсіздер ме, әже!

Тақпақтар

Бала:

Атам менің ақ сақалды данагөй,

Айтар сөзі әрқашанда сана ғой.

Бала:

Әжем менің мейірімді жан еді,

Ертегі айтып ұйықтататын сән еді.

Бала:

Қариялар аман болсын әрқашан,

Бақыт кетпей, қуаныш тұрсын әр шаңырақтан.

Ән: «Менің әжем»

Көрініс

«Әже тәрбиесі»

Әже:

Балам, үлкенге құрмет көрсету — тәрбиенің белгісі.

Бала:

Әже, мен сізге көмектесемін!

(Бала әжеге су әкеледі, орындық береді)

Би: «Қазақ биі»

Ойын

«Мақалды жалғастыр»

Жүргізуші:

- Қарты бар үйдің ...

(қазынасы бар)

- Үлкенге — ...

(құрмет)

- Әдепті бала — ...

(арлы бала)

Балалардың арнауы

Балалар:

Сіздердің ақ баталарыңыз бізге күш береді.

Әрқашан аман болыңыздар

Ән: «Ата-әже»

Сыйлық табыстау

Балалар өз қолдарымен жасаған ашық хаттар мен гүлдерін береді

Қарттардың батасы

Ата:

Өркендерің өссін,

Білімді, тәрбиелі болыңдар!

Ата-аналарыңның қуанышы болыңдар

Қорытынды сөз

Жүргізуші:

Қариясын қадірлеген елдің ұрпағы өнегелі болады.

Үлкенге құрмет — кішіге міндет.





**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**



«Ұлттық құндылығымызды ұмытпайық»

/Аққайың/тобы

2023-2024 оқу жыл

Тексерілді:
Жаңа

Тақырыбы: «Ұлттық құндылығымызды ұмытпайық»

Қазақы оюлар, киіз үй бұрышы, домбыра, ұлттық киімдер, бесік, қамшы, ұлттық ыдыстар.

Мақсаты:

Ата-аналар мен балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді насихаттау, отбасы тәрбиесіндегі ұлттық тәрбиенің маңызын түсіндіру.

Халқымыздың ұлттық тәрбиесі — ұрпаққа аманат.

Тілімізді, дәстүрімізді, өнерімізді ұмытпай, келер ұрпақтың бойына сіңіру — баршамыздың міндетіміз.

Бүгінгі «Ұлттық құндылығымызды ұмытпайық» атты іс-шарамызға қош келдіңіздер!

Балалар:

Атамекен — алтын бесік,

Қасиетті туған жер.

Ұлттық салтты дәріптейік,

Болсын мәңгі нұрлы ел!

Ән: «Атамекен»

Ұлттық дәстүр көрінісі

«Бесікке салу»

Әжелер бесік жабдықтарын таныстырады.

Әже:

Бесік — қазақтың қасиетті мұрасы.

Бесікке салу — үлкен ырым.

(Бесік жыры айтылады)

«Бесік жыры»

Ойындар

1-ойын: «Орамал тастау»

Балалар мен ата-аналар бірге ойнайды.

2-ойын: «Арқан тарту»

Екі топ:

- Ата-аналар
- Балалар

3-ойын: «Кім шапшаң?»

Ұлттық ыдыстарды тез жинау.

Би: «Қазақ ұлттық биі»

Мақал-мәтел сайысы

Жүргізуші:

Ата-аналар мақалдың жалғасын табады.

- Отан — ...

(оттан да ыстық)

- Әдепті бала — ...

(арлы бала)

Қолөнер бөлімі

«Ұлттық бұйым жасау»

Ата-аналар мен балалар бірге:

- ою жапсырады
- қамшы макетін жасайды
- домбыра бояйды

Көрініс

«Әке тәрбиесі»

Әке:

Қазақ баласы үлкенді сыйлаған.

Амандасу — тәрбиенің бастауы.

Балалар:

— Сәлеметсіз бе?

— Ассалаумағалейкум!

Ән: «Қазағым»

Психологиялық тренинг

«Отбасы жылуы»

Ата-аналар мен балалар қол ұстасады.

Жүргізуші:

Отбасы — ұлттық тәрбиенің алтын ұясы.

Қорытынды сөз

Ұлттық құндылық — ұлт байлығы.

Тілімізді, дәстүрімізді, тәрбиемізді сақтайық!





«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



«Аққайың» тобы

«Ғажайып- Жаңа жыл»

2023-2024 оқу жылы

Жүзегіңде!
Жаңа

Жүргізуші: Амансын ба халайық?

Жаңа жылды тойлайық

Ән салайық, билейік

Қызық кештен қалмайық!

Құрметті ата-аналар, әріптестер «Балапан» тобының балаларының Жаңа жылға арналған ертеңгілігін бірге тойлайық!

Ендеше біздің кішкентай аяз аталарымыз жаңа жылды, әдемі шыршаларды ала келе жатыр. Қарсы алайық.

Тақпақтар:

Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.
Өлең де әзір, ән де әзір
Ойын да әзір – бәрі әзір
Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!
Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!
Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді,
Құттықтаймыз ән салып.

Ән: «Шырша тойын тойлайық»

Жүргізуші: Жасыл желек жамылған,

Асыл моншақ тағылған.

Міне, сұлу шыршамыз

Көптен күткен, сағынған!

- Балалар, біздің шыршамыздың шамдары жағылмаған ғой. Ендеше,

Кел, балалар, келіңдер!

Тамашаны көріңдер.

Бірге үріп шыршаның

Шамдарын жағып көріңдер!

- Қане, бәріміз бірге үріп шыршаның шамдарын жағайық!

Бір, екі, үш!(үш шапалақ)

Шырша жарқырай түс!(қолдарымен фонарик жасайды)

(Бірнеше рет қайталайды, шыршаның шамлары жанады)

(Ду қол шапалақ!!!!)

Жүргізуші: Балалар қарандаршы шыршаның шамдары жарқырай түсті, қандай әдемі»

Би:» «Ақшақарлар»

Жүргізуші: Балалар, өтіп бара жатқан жыл қандай жыл болды?

(Жолбарысты сипаттайды)

Балалар құлақ түріп тыңдандаршы, бір дүрсіл естілетін сияқты!

Барыс:Ырр.. Мен барыспын, барыспын,
Бәріне мен таныспын, таныспын.
Айналама сыйлымын, сыйлымын,
Сезімсізбен алыстым,алыстым.
Күшіме мен сенемін, сенемін,
Бәрін де де женемін, женемін.

Барыс: Сіздер білесіндер, өткен жыл, біздің жылымыз болды, Барыс жылы
Бұл мереке маған арналған, өйткені бұл менің жылым. Бәрі менің қалауым бойынша болады.

Түлкі: Ой, сәламатсыз ба қадырменді, әмірі күшті, Барысжан. Кәне балалар амандасайық жыл басымен

Балалар: Сәламатсыз ба!

Түлкі: Не қалайсыз? Бүкіл тілектеріңізді орындайық.

Барыс:(таяғымен жерді бір ұрып)

Көңілімді көтергім келіп тұр. Мерекенің сәнің келтіріп бір би билеңдер!

Түлкі: Кәне тұрындар , тұрындар Барыстың көңілін көтерейік.

Жүргізуші:Жаңа жылды қарсы алып,

Шыршамызды айналып

Би билейік, ән салып.

Баршамызға жар салып.

Би: «Құтты болсын жаңа жыл»

Түлкі: Барысжан, қалай, көңіліңіз көтерілді ме?

Барыс: Жоқ, әлі көңілім толмай тұр

Түлкі: Балалар мүмкін жаңа жылға арнап, барыс патшаға арнап тақпақтар айтып берерміз.

Тақпақ: Жаңа жылым келгенде,

Қуанып қарсы аламыз.

Аяз ата келгенде,

Билейміз ән саламыз

Түлкі: Патшаның патшасы қалай көңіліңіз көтерілді ме?

Барыс: Білмеймін бұл мерекеге не жетпейтін, бірақта көңілім әлі де толмай тұр.

Жүргізуші: Ой, Барыс сізге ештеңе ұнамады ғой. Олай болса Аяз ата мен

Ақшақарды шақырсақ қайтеді?

Түлкі: Ұлы мәртебелім қалай қарайсыз, мүмкін аяз ата мен Ақшақар сіздің көңіліңізді көтерер?

Барыс: Келсе, келсін,

Маған сыйлық әкелсін

Түлкі: Кәне дауысымызды қатты шығарып, Аяз атаны шақырайық

Балалар: Аяз ата ауууууу! Ақшақар аууууу!

(Бірнеше рет қайталайды)

(Музыка әуенімен Аяз ата мен Ақшақар кіреді)

Аяз ата: Естіп жатырмын, естіп жатырмын,

Келе жатырмын, келе жатырмын

Жаңа жылдарыңмен,

Жаңа жылдарыңмен!

Балаларым, балғыным,

Өмір гүлім, шаоғыным.

Тілегенім жыл бойы,

Сендердің ден – саулығың.

Амансың ба, ұлдарым,

Аппақ ару қыздарым?

Мен сендерге әкелген,

Құтты болсын жылдарың!!!

Балалар: Сәлеметсіз бе, Аяз ата, Ақшақар.

Ақшақар: Өздерің де аман-есенсіңдер ме, менің балғын достарым. Бізге әзірлеген өнерлерің болса көрсетіп, әсем ән айтып, би билеңдер, таңдайларыңды тақылдап тақпақ айтып беріңдер. Аяз атаның дорбасында бәріңе жететін сыйлық бар.

Жүргізуші: Кел, балалар, тақпақты

Тақылдатып айтайық,

Аяз ата таң қалсын.

Сыйлық алып қайтайық

Тақпақтар:

Райымбек : Армысыздар халайық

Бармысыздар халайық.

Жаңа жылды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық!

Әлім: Жаңадан тақпақ,
Аламыз жаттап.
Жаңа жыл келді,
Жаңа жыл аппақ.

Ернұр: Жаңа жылмен ,жаңа жырмен
Құттықтаймыз әрине
Баршамызды мамамызды
Қонақтардың бәрінде.

Жаңәділ Жаңа жылда жаңаша
Тақпақ айтамыз
Болсын риза балаша
Әппақ атамыз

Ершат : Келіндер достар ,келіндер
Өлең айтып беріндер
Жомарт аяз атадан
Сыйлық алып көріңдер

Қадір: Шыршамызда керемет
Ойыншықтар жағылған
Алыс жақтан келіп тұр
Аяз ата сағынған

Амандық: Келді, келді жаңа жыл
Қуанып қарсы ала біл
Аяз ата сыйлаған
Алайық айтып жаңа жыр

Бақдәулет: Ақ қырауға малынған

Ақшақардай сақалы

Көптен күтіп сағынған

Көрдік аяз атаны

Ибрахим: Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз

БИ: «Кішкентай гномдар»

Аяз ата: Өнерлі балалар, өнерлі қыздар көп екен. Рахмет сендерге. Мен сендерге биылғы Жаңа жылды ала келдім.

Жүргізуші: Аяз ата, Жолбарыс, жыл басы мен боламын деп тұр тақты ешкімге бермеймін дейді. Ал жолбарысқа ешкім қарсы шығалмайды оны өзіңіз білесіз. Енді қайттық?

Аяз ата:Әй, Барыс, сен өзіңді бәрінненде әлдімін деп ойлама. Сенің жылын аяқталды, ендігі жыл қояндікі. Орынынды қоянға бересін.

Барыс (күліп): - Туу, бір жасап қалдым ау! Қандай көңілді балалар едіңдер! Мен сендермен жай қалжаңдадым ғой, ал енді кінәмді ақтау үшін мен сендермен бір ойын ойнаймын.

Ойын: «Байпақ»

Барыс: Иә, балалар, мен сендермен бір жыл бойы бірге болдым. Қоянға, мен балаларды тапсырдым. Қош, балалар, енді мен 12жылдан кейін, сендер есейіп, ер жеткенде бір-ақ келемін. Қош, балалар

Жүргізуші:Сәбіз жейді, шөп жейді.

Құлақтары қалақтай,

Зытып берер жолтпай.

Балалар: Қоян!!!!

Жүргізуші: Ендеше кішкентай қояндарымызды тақпақтарымен шақырайық.

Жанәли: Ақша қарлар тұрмайық

Би билейік жырлайық

Аяз ата қуансын

Дөнгеленіп зырлайық

Диас: Не ойласаң жаңа жылда

Орындалады бар арман

Жаңа жылды сондықтан

Күтеді барлық балақан

Нұрлыжан : Тамаша тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Жаңа жылда ертегі

Келеме біздің бақшаға

Алихан: Міне тағы келіп тұр

Жаңа бір жыл балалар

Жадыратып жер үстін

Бәрімізге ол шыққан

Қолқанат: Ал балалар құр тұрмайық

Ән салайық қол соғайық

Жаңа жылды қарсы алайық

Ералы : Келді тағы жаңа жыл

Қуантумен біздерді

Құтты болсын жаңа жыл

Құттықтаймыз сіздерді

Айсұлтан: Өлеңде әзір, ән әзір

Ойында әзір, бәрі әзір

Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл ,жаңа жыл

Сұлтан: Ақ қырауға малынған

Сақалыда ,мұртыда

Аяз оны сағынған

Сәлем берді жұртына

Димаш : Кезектесіп балалар

Тақпақ айтып береміз

Сұрақ қойса Ақшақар

Ойланып жауап береміз

Айдархан : Жаңа жыл ,жаңа жыл

Сені күттім елеңдеп

Өзіңменен ілесіп

Аяз ата келер деп

Би: «Аппақ аппақ қояндар»

Түлкі: Ммммм...Мен қояндарды да жақсы көремін (деп қояндарға жақындап қарның сипап)

Аяз ата: Әй, қу Түлкі бұл мереке ғой, ал жаңа жылда ешкімді ренжітуге болмайды.

Түлкі: Аяз ата жоқ, мен қояндарды ренжетпеймін,

Бүгін біз көңілдіміз

Қоян жылын қарсы алып

Мерекеге келгендерге

Құттықтаймыз ән салып

Ән: «Жаңа жыл»

Жүргізуші: Біздің кішкентай шыршаларымызды тақпақтарымен шақырайық.

Аяла Ж: Аралайды бақшаны

Үзілмейді жақсы әні

Гүлденеді бақшалар

Жауса, жаусын Ақшақар

Жанерке: Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны

Той маскарад басталды

Аяз оны басқарды

Назерке : Жаңа жыл ,жаңа жыл

Тамаша тойымыз

Алақай ,алақай

Өседі бойымыз

Асылым : Тақпақтарды жаттадық

Би де үйрендік көрсін деп

Аяз ата шаттанып

Бізге риза болсын деп

Айзере А: Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып

Дана : Қалып едік сағынып

Күтіп алдық жабылып

Жолын қойдық жарық қып

Шыршаларға шам іліп

Мерейлім : Мінекей жасыл шырша

Қуаныш жалпыға

Құлпырған сүйікті шырша

Жарқыра ,жарқыра

Фарида: Қыс келді шуақты

Балаларды қуантты

Аппақ кілем қар жауып

Бұл жаңа жыл қуатты

Аянат: Сылдырлаған моншағы

Шыршамыздың мол шамы

Жаңа жылмен жайдары

Жарқырады жайнады

Арайланды шыршамыз

Айналамыз баршамыз

Аяулым Ә

Жаңа жылды қарсы алып

Жасаймыз той жылда біз

Жарқын жарқын ән салып

Жалғасады жылға жыл

Аяла

Төрлет ата жоғары

Енді дала , алақай

Ақ мамыққа толады

Жұрттың бәрі атадай

Қашан жомарт болады

Аяз ата: Балаларым ал маған кететін кез келді (қолын бұлғалап, бұрылып шығуға дайындалады)

Ақшақар: Ата сен әзілдеп тұрсын ба?

Сыйлықтарды ұмыттың,

Қоян шанамен сүйреп залға сыйлықтарды кіргізеді

(Аяз атамен Ақшақар сыйлықтарды үлестіреді)

Аяз ата: Өнерлі екен ұлдарың,

Өнерлі ару қыздарың,

Жарқын, жарқын жүздерің,

Жайнап өссін, гүлдерің.

Күнбағыстай жайқалып,

Биіктердер өздерің.

Ақ көрпемді жамылып,

Мұздан алқа тағынып,

Әр жыл сайын сендерге,

Келіп тұрамын сағынып.

Мен енді өздеріңмен қоштасып, келесі бақшаға барайын. Онда да өздерің секілді кішкентай балалар күтіп отыр. Қош сау болындар, балалар!

Балалар: Қош сау болыңыздар Аяз ата мен Ақшақар!

**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**



«Қардан ғажайып мүсіндер»

/Аққайың/ тобы

2023-2024 оқу жылы

*Тексерілді:
Жар*

Тақырыбы: «Қардан ғажайып мүсіндер»

(ата-аналар мен балаларға арналған қолөнер сайысы)

Аулада көңілді қысқы әуен ойнап тұрады.

Аула түрлі түсті шарлармен, жалаушалармен безендіріледі.

Мақсаты:

Балалардың шығармашылығын дамыту, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту, қыс мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.

Жүргізушінің сөзі

Армысыздар, құрметті ата-аналар, балалар және қонақтар!

Қыс мезгілі — ғажайыпқа толы мезгіл.

Аппақ қардан әдемі мүсін жасап, қиялымызды шыңдайтын тамаша уақыт.

Бүгін біз «Қардан ғажайып мүсіндер» атты отбасылық сайысымызды бастаймыз!

Қатысушыларды таныстыру

Әр топ:

- өз атауын
- ұранын айтады.

Мысалы:

* «Аққала» тобы

* «Қыс ханшайымы» тобы

* «Қар бүршігі» тобы

Шаттық сәті

Барлығы бірге:

Аппақ, аппақ қар жауды,

Төбемізден нұр жауды.

Қыс қызығын тойлаймыз,

Шаттық әнге толмаймыз!

Негізгі бөлім

«Қар мүсінін жасау»

Уақыт: 30–40 минут

Тапсырма:

Ата-аналар мен балалар бірігіп:

- Аққала
- Тасбақа
- Қоян
- Мультфильм кейіпкерлері
- Қазақы оюлар
- Еркін тақырыпта қар мүсіндерін жасайды.

Қажетті заттар:

- Шелек
- Күрек
- Түрлі түсті бояу
- Сәбіз
- Мата қиындылар

Музыкалық үзіліс

Балалар қыс туралы ән айтады.

Ойындар

1-ойын: «Қар лақтыру»

Балалар қарды шелекке дәлдеп лақтырады.

2-ойын: «Шанамен жарыс»

Ата-ана баласын шанамен сүйрейді.

3-ойын: «Кім жылдам?»

Қардан кішкентай доп жасап жарысу.

Қазылар бағалауы

Бағалау критерийлері:

Шығармашылық

Ұқыптылық

Ерекшелік

Отбасылық белсенділік

Марапаттау

«Ең креативті мүсін»

«Ең көңілді отбасы»

«Ең шебер қолөнерші»

Қорытынды

Жүргізуші:

Қыс қызығы — бірлік пен қуаныштың мерекесі.

Осындай әдемі сәттер балалардың есінде ұзақ сақталады.



**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**



**«Бір әкенің тәрбиесін- жүз мектеп те бере
алмайды»**

«Аққайың» тобы

/Дөңгелек үстел/

2023-2024 оқу жыл.

Жеке өміріңдегі
Ана

Тақырыбы: «Бір әкенің тәрбиесін- жүз мектеп те бере алмайды»

Мақсаты: Әке тәрбиесінің маңызы жайлы пікір алмасу. Жүргізілген дөңгелек үстел барысында қойылған сұрақтар бойынша әкелер өз ойларын ортаға салды. Сонымен бірге бала тәрбиесіндегі отбасындағы әкелердің қолқорлығы, отбасылық міндеттері жайлы негізгі мәселелерді түрлі мысалдар келтіре отырып баяндау. Бала тәрбиесіндегі әкенің алар орнының маңыздылығын түсіндіру.

Кіріспе сөз: Саламатсыздар ма, әкелер! Сіздерді біздің балабақшамызда көргенімізге өте қуаныштымыз. Сіздердің бүгінгі дөңгелек үстелге алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рахмет айтамыз.

I бөлім: Кел, сұхбаттасайық!

1. Отбасындағы бала тәрбиесіндегі әкелік міндетіңізді қалай атқарасыз? Осыған орай өз ойыңызды ортаға салыңыз?
2. Отбасында балаларға көрсетілетін түрлі зорлық-зомбылықтарға көзқарасыңыз қандай? Жалпы отбасында балаларды қатыгездікпен жазалауға бола ма?
3. Әке отбасындағы балалары үшін қандай үлгі-өнеге көрсетуі керек?
4. «Әкеге қыз баласы жақын» жейді. Осы пікірге көзқарасыңыз қандай?
6. Қызыңызды тәрбиелеуде қандай қағида ұстанар едіңіз?

II бөлім: Таңертең қызыңызды балабақшаға апару керек еді, анасы шаруашылықтарымен кетіп үйде жоқ еді. Балабақшаға бүгін қазақы шашбау тағып келіндер деген тәрбиеші. Шашын қалай өрер едіңіз?

/Шаш өру/

III бөлім. Сіз қызыңызды жақсы білесіз бе?

1. Қызыңыздың туған күні, айы. Жылы?
2. Қызыңыздың сүйікті асы?

3. Қызыңызға қандай еркелететін сөз айтасыз?
4. Қызыңыздың сүйікті мультфильмі?
5. Қызыңыздың атын кім қойған?
6. Қызыңыздың былдырлап алған шыққан сөзі?
7. Қызыңыздың туылғандағы салмағы?
8. Қызыңыздың қазіргі аяқ киім размері?
9. Қызыңыздың балабақшадағы тобының атауы қандай?

4. бөлім: Мақал мәтелдер: /жалғасын табу/

1. Алты аға бірігіп әке болмас,
Жеті жеңге бірігіп ана болмас.
2. Әке жүрегі таудан үлкен,
Ана жүрегі теңіздей терең.
3. Әкелі бала жау жүрек,
Әкесіз бала сұм жүрек.
4. Әке сөзі оқ,
Шеше сөзі боқ.
5. Әкеден ақыл,
Анадан мейір.
6. Сайына қарай саласы,
Әкесіне қарай баласы.
7. Әкеден ұл туса игі
Әкенің жолын қуса игі.

Мақал мәтелдердің мағынасына қарай сурет салу.

1. / Әке асқар тау, Ана бұлақ, бала жағасындағы құрақ./
2. /Әкенің екке ағашы, ұрпаққа сая/
3. / Тай өссе ат тынығады, Ұл өссе әке тынығады/
4. /Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер

Қорытынды:

Тәрбиеші: Керемет! Ой бөліскендеріңізге үлкен рахмет!

«Әке – асқар тау» деп теңестіреді халық даналығы. Әр бала Әкесі мен анасының махаббатының жемісі болғысы келеді. Бақыты бала тек бақыты ата-анада ғана болады. Бала тәрбиесінде Әкенің рөлі ерекше. Алайда, қанша мүмкіншілік болса да көптеген ер адамдар бала тәрбиелеудің негізгі жауапкершілігін мойнына алмайды. Психологтардың зерттеуі бойынша, егер әкелер балаларымен тығыз байланыста болып, тәрбиелеу міндетінің жүктемесін мойындарына алатын болса –анаға қарағанда тигізетін әсері басым болатынын айтады.

Қорыта келе, ардақты әкелер, балалы болу – бақыт екенін естен шығармайық!

Балаларыңызға бакытты балалык шақ сыйлай біліп қана емес, өзіңіз де болашақта мақтан тұтуға лайық, үлгілі әке болыңыз деп тілеймін.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



«Аққайың» тобы.

«Анашым-асыл қазынам!»

2023- 2024жыл

Тексерілді:
Жар.

«Анашым- асыл қазынам!»

Жадыра: Қош келдіңіздер! Аяулы әжелер, аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі тәрбиешілер!

Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып сегізінші наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнген емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Бүгінгі «Анашым- асыл қазынам!» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Жүргізуші: Гүлназ

Әжелер , абзал аналар,

Ару қыздар! Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі 8-ші наурыз аналар мерекесімен құттықтаймыз.Әрқашан дендеріңіз сау , көңілдеріңіз көктем күніндей шуақты ,көктем гүлдеріндей нәзік те,жайдары болсын деп тілейміз.Бүгінгі балаларымыздың мерекеге арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Айзере: Сенен өскен балалар

Батырлар мен даналар

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті жан аналар.

Әлім: Ақ анашым ,аппағым

Өзің жәйлі тақпағың.

Өзің жәйлі әнің де

Арнадым саған бәрінде.

Жанерке:Шашымды өріп тараған

Қабағыма қараған.

Үлкен кіші демейді

Сыйлайды оны бар адам.

Айсұлтан:Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсыңдай.

Құлпыра өсіп,дем алам

Құшағыңда қысылмай.

Ершат: Ана біздің күніміз,

Ана біздің гүліміз.

Бізді ана қуантып

Ұзақ өмір сүріңіз.

Жадыры: Барша аналарды бүгінгі мерекемен құттықтап

Ортаға Темірлан ұлы Айдархан «**Ана деп ән салам**» әнімен қабыл алыңыздар.

Би : «**Көңілді көктем**» Ортаға Аяла, Айзере, Аяулым

Гүлназ: Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры, мейірімі тастай мұзды да жібітеді. Сүйікті аналар, сіздерге деген балаларымыздың жылы

лебіздерін қабыл алыңыздар.

Тақпақтар:

Алтайыр: Анам мені айым дейді

Мен мұңайсам уайым жейді.

Анам мені күнім дейді

Мен қуансам күлімдейді.

Бақдәулет: Анам-өмір шырағы

Анам-өмір бұлағы.

Бесігімнің жыр әні

Жүрегімде тұрады.

Ералы : Ақ сүт берген балаңа

Күш жүгерін жұмсаған.

Бұл өмірде жан ана

Тең келеді кім саған.

Қадір: Тірегі болып жаныңда

Бірге еріп жүремін.

Жанашырым жанымда

Тек әжем деп білемін.

Айдарханның орындауында «Ана» өлеңі

Жадыра: Ән: «Қыздар-ай» әнімен ортаға ұлдарымызды шақырамыз.

Ұлдарымыз барша қыздарды мерекелерімен құттықтап «Джентілмен»биін қабыл алыңыздар.

Жадыра : Ортаға Нұрлыжан.Нұрқанат.Мерейлім.Димош.Аяланы.А аналарымыздың мерекесіне арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар

Нұрлыжан: Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Нұрқанат: Бөбегімнің сыйлығын
Қабыл алшы анашым.
Ұзақ өмір жүз жасап,
Ауырмашы анашым.

Мерейлім: Жанымызды жәйнатқан
Сіздер ғой ол аналар.
Зор денсаулық мол бақыт
Тілейміз біз аналар.

Димош: Аппақ мамам ,ақ мамам
Ақ мамам деп мақтанам.

Түн ұйқыңды төрт бөліп,
Бөпешім деп жатпаған.

Аяла.А Анам менің сүйіктім
Тек өзіңе табынам.
Қасымда жүрсең биікпін,
Алыстасаң сағынам.

Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелеріңізбен құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің, қазынасы бар» деп бекер айтылмаған. Келесі құттықтауларымыз сіздерге арналады құрметті әжелер.
Хор «Әжетайым»

Гүлназ:Ортаға Назерке .Аяулым.Амандық.Аяла.Б. Аянат.Фариза әжелерімізді құттықтап тақпақтарын айтып береді.

Назерке: Тәттілерін сақтайды
Назеркеме берем деп
Мен тілеймін әрқашан
Әжем аман болсын деп.

Аяулым: Әжем менің асыл жан
Жақсылыққа үйретіп
Жамандықтан шектейді
Әжеме ешкім жетпейді.

Амандық: Әжем менің, ақ әжем
Ақыл беріп үйреткен.
Аппақ әжем, пәк әжем
Мейіріммен тербеткен.

Аяла.Б Аман болсын басыңыз
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әлі де,
Жүзге жетсін жасыңыз.

Аянат: Ақ әжемді әрқашан
Сыйлап жақсы көремін.
Қуантайын деп оны
Өлең айтып беремін.

Фариза: Өзің мені өсірген
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген
Ауырмашы жан әжем.

Би: «Радуга» қыздар

Гүлназ: Ойын «Көзінен таны»

Шарты: Аналарымыз суреттерден балаларын танып, артындағы тапсырмаларды орындау.

Жадыра :Ортаға :Ибрахим. Жанәділ. Ернұр. Қолқанат. Райымбектің мерекелік тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Ибрахим: Анаң болса қасыңда
 Басқа бақыт не керек.
 Аналардың жүрегі
 Мейірімді ғой керемет.

Жанәділ: Сырымды ұғатын
 Өзіңсің қуатым.
 Күнімсің шығатын
 Айымсың туатын.

Ернұр: Аялы алақан
 Өлпештеп өсірген.
 Аяулы жан анам
 Қатемді кешірген.

Қолқанат: Мәпелейсің мені анам
 Қолыңдағы құсыңдай.
 Құлпыра өсіп,дем алам

Құшағыңда қысылмай.

Райымбек: Жарқын жүзді жан анам

Сендей болсын бар адам.

Сендей болса бар адам

Шаттық кетпес баладан.

Жадыра: Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған
ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.



«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



«Ұлыстың ұлы күнінде!»

/Аққайың/ тобы

2023-2024 оқу жылы



Тақырыбы: «Ұлыстың ұлы күні — Наурыз!»

Зал ұлттық нақышта безендірілген.

Киіз үй, оюлар, дастархан, бауырсақтар қойылған

Балалардың кіруі

«Наурыз» әуенімен балалар ұлттық киіммен кіреді.

Жүргізуші сөзі

Армысыздар, құрметті қонақтар!

Көктемнің шуақты мерекесі — Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына қош келдіңіздер!

Наурыз — татулықтың, достықтың, жақсылықтың мерекесі.

Бүгін біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз сіздерге өнерлерін көрсетеді.

Шаттық шеңбері

Балалар бірге:

Армысың, алтын күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, достарым!

Жылуыңа шаттанам!

Тақпақтар

Бала:

Наурыз келді далама,

Наурыз келді қалама.

Қуанып қарсы аламыз,
Мерекелі жаңа танды.

Бала:

Көктем келді гүл алып,
Құстар келді жыр алып.
Наурыз тойын тойлаймыз,
Бәріміз бір қуанып.

Ән «Наурыз келді»

Ортаға Әже келеді

Әже:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Наурызда қандай ұлттық тағам ішеміз?

Балалар:

Наурыз көже!

Әже:

Дұрыс айтасыңдар!

Ойын

«Бауырсақ жина»

Еденге бауырсақтар шашылады.

Балалар себетке жинайды.

Би «Қара жорға» (жеңіл нұсқа)

Ойын

«Орамал тастау»

Балалар шеңберде отырады.

Әуенмен орамал тасталады.

Көктем аруы келеді

Көктем:

Сәлем, балалар!

Мен көктеммін!

Сендерге жылу мен гүл алып келдім!

Сергіту сәті

«Күн мен жаңбыр»

«Күн» дегенде балалар жүгіреді.

«Жаңбыр» дегенде қолшатыр астына жиналады.

Ән

«Көктем»

Қорытынды

Жүргізуші:

Наурыз — береке мен бірліктің мерекесі.

Әр шаңыраққа бақыт, денсаулық тілейміз!

Балалар бірге:

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!



**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**



«Жылдың қорытынды жиналысы»

/Аққайың/ тобы

Жеңсеріңде!
Аманжол

2023-2024 оқу жылы

Қорытынды жиналысқа баяндама

Тақырыбы: «Бір жылдық жұмыстың қорытындысы»

Құрметті әріптестер, ата-аналар!

Бүгін біз бір оқу жылының қорытындысын шығару мақсатында бас қосып отырмыз.

Өткен оқу жылы балалар үшін де, педагогтар үшін де жетістікке толы жыл болды.

Жыл бойы балалардың жан-жақты дамуына бағытталған түрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ашық сабақтар, мерекелік іс-шаралар, спорттық сайыстар, танымдық ойындар өткізілді.

Балалардың сөйлеу қабілетін, шығармашылығын, логикалық ойлауын дамыту мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Әсіресе балалардың қызығушылығы мен белсенділігі әр іс-шара барысында байқалды.

Сонымен қатар ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, бірлескен:

- семинарлар,
- тренингтер,
- спорттық жарыстар,
- ұлттық құндылықтарға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы және тәрбиесі әрқашан басты назарда болды.

Жыл бойы балалар тазалыққа, достыққа, үлкенді сыйлауға, Отанды құрметтеуге тәрбиеленді.

Тәрбиешілер өз білімдерін жетілдіріп, жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланды. Ашық сабақтар мен семинарларда тәжірибе алмасты.

Біздің жетістіктеріміз:

- балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы;
- мерекелік байқауларға белсенді қатысуы;
- ата-аналардың ұйымшылдығы;
- тәрбиелік жұмыстардың нәтижелі болуы.

Әрине, алдағы уақытта да атқарар жұмыс көп.

Балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына бірлесе еңбек етеміз деп сенеміз.

Құрметті ата-аналар!

Жыл бойы қолдау көрсетіп, бірлесе жұмыс жасағандарыңыз үшін үлкен алғыс білдіреміз.

Балаларымыз аман, дені сау, білімді болып өссін!

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!



